



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері

(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қойма,  
ауыл шаруашылығы)

2022 жылғы II тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Ақша – кредит саясаты департаменті

## Жалпы ақпарат

### I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

### II. Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс және бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

## Қорытынды


**Пікіртерім жөніндегі мәлімет**

Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардағы бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2022 жылғы 2-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3343

**Іріктеме туралы мәлімет**

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 206
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 727
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 333
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 942
Көлік және қоймаға жинау кәсіпорындары	➤ 257
Ауыл шаруашылығы	➤ 195
<b>Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы</b>	<b>➤ 2660</b>

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2022-жылдың 2-тоқсанында нарықтағы бәсекелестіктің маңыздылығы көлік және қоймалау саласында және ауыл шаруашылығында өсіп, басқа салаларда төмендеді.

Сауда саласы бәсекелестік әсеріне барынша тәуелді сала болып қалып отыр, онда нарықтық бәсекелестіктің өздерінің бизнесіне ықпалын сезетін кәсіпорындар үлесі **38,1%**-ды құрады, **өңдеу өнеркәсібінде – 31,2%**, **көлік және қоймалау саласында – 24,9%**, **құрылыста – 24,6%**. Ең төмен мөлшерде ықпалды **ауыл шаруашылығы мен кен өндіру өнеркәсібі** кәсіпорындары сезуде, көрсеткіш **17,4%** бен **14,1%**-ды құрады.

**Кен өндіру өнеркәсібі** бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындар арқылы көрсетіліп отыр (**65,5%**). Оның басым бөлігін мұнай және табиғи газ өндіру, металл кендері, сондай-ақ тау-кен өнеркәсібінде техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындар құрайды.

**Өңдеу өнеркәсібінде** ірі және орта кәсіпорындар сала кәсіпорындарының жалпы санының **59,8%**-ын құрайды. Сала бойынша өндіріс көлемінің басым бөлігін металлургиялық өнеркәсіп кәсіпорындары өндіреді.


**Құрылыс және ауыл шаруашылығы** саласында да ірі және орта кәсіпорындар басым (**61,9%** және **61,0%**).

**Көлік және қойма** саласы бойынша іріктеменің жартысы ірі және орта кәсіпорындар (**47,9%**), олардың көбі мұнай және мұнай өнімдерін құбыржол арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополия субъектілеріне жататын кәсіпорындар аз емес.

**Сауда саласы** бойынша іріктемеде де бас жиынтықтағыдай ірі және орта кәсіпорындардың үлесі жоғары емес (**22,8%**).

Аталған салалар бойынша іріктеме репрезентативтілігі\* **43,5%** құрайды.

2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



\* ҚРҰБ кәсіпорындары мониторингіндегі репрезентативтілігі мына формула бойынша бағаланады:  $MҚК \text{ ӨСТ} / \text{ҰСБ ӨСТ} * 100$


мұндағы, МҚК ӨСТ – ҚРҰБ мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың өнімдерін сатудан түскен кіріс (ӨСТ); ҰСБ ӨСТ – Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша ӨСТ.

\* Іріктеме репрезентативтігі 2022 жылдың 3 тоқсанына көрсетілген.

### 3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділіктерін шектеуші факторлар, %



### 4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




Көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша 2022-жылдың 2-тоқсанында бизнесті жүргізуге негізгі кедергі болған **Қазақстан экономикасының жағдайы**.

Сауда кәсіпорындары ең маңызды шектеуші факторлардың бірі болып басқа кәсіпорындар тарапынан **нарықтық бәсекелестік** табылады. Өңдеу өнеркәсібі және сауда кәсіпорындары үшін - олардың өнімдеріне деген **сұраныстың жеткіліксіздігі**. Өңдеу өнеркәсібінің 26,4% және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының **31,3%-ы** білікті кадрлардың жеткіліксіздігін атап өтті.

Алдағы 12 айда барлық секторлар бойынша қаржыландыру деңгейі жалпы өзгеріссіз қалады, сонымен бірге кен өндіру өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі мен көлік саласы кәсіпорындарында қаржыландырудың ең үлкен өсімі, сауда саласында және құрылыста ең төмен өсімі күтілуде. Инвестиция көлемін төмендетуді жоспарлап отырған кәсіпорындардың ең жоғары үлесі құрылыста және өңдеу өндірісінде, ал ең төмен үлесі сауда саласында күтілуде. Қарастырылып отырған салалардың бәрінде инвестицияны арттыруды жоспарлап отырған кәсіпорындар үлесінен, оны төмендетуді жоспарлап отырғандардың үлесі артық.


Қаржыландырудың негізгі көздері бұрынғыдай кәсіпорындардың **меншікті қаражаты**.

**5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)**




Шетелдік серіктестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюта - АҚШ доллары мен Ресей рублі қалып отыр, АҚШ доллары кен өндіру өнеркәсібінде ғана басым (**кәсіпорындардың 62,1%**), өңдеу өнеркәсібінде ресей рублін қолданатын кәсіпорындардың үлесі **64,9%**, саудада – **58,4%**. 2022-жылғы 2-тоқсанда теңгені ең көп қолданған көлік және қойма (**18,3%**) және өңдеу саласының кәсіпорындары (**16,8%**) болып табылады.

**6-график. Теңгенің Ресей рубліне бағамының өзгеруінің кәсіпорынның қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**



**7-график. Теңгенің АҚШ долларына бағамының өзгеруінің кәсіпорындардың қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




2022 жылдың 2-тоқсанында теңге бағамының Ресей рубліне қатысты өзгерісінің кері ықпалы қарастырылып отырған салалардың бәрі үшін өсіп, жалпы экономика бойынша да өсті, (ДИ 29,2 құрады).


Теңгенің АҚШ долларына қатысты өзгерісінің кері әсері 2022 жылдың 1 тоқсанының шамасында қалып, тау-кен өндіру саласында күшейіп, саудада бәсеңдеді. Нәтижесінде экономика бойынша ДИ 32,0 құрады.

\* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

8-график. Банктік кредиттеудің шарттары тиімсіз кәсіпорындардың үлесі, %



9-график. 2022 жылдың 2 тоқсаны мен 3 тоқсанында несиелену ниеті бар кәсіпорындар, %



1-кесте. Несиеленудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қол жетімді	нақты	қол жетімді
Кен өндіру өнеркәсібі	12,1	4,2	5,1	1,8
Өңдеу өнеркәсібі	12,3	5,3	5,9	2,6
Құрылыс	14,3	5,5	8,7	2,1
Сауда	14,1	6,5	7,4	3,3
Көлік және қойма	12,8	5,3	4,0	2,6
Ауыл шаруашылығы	12,9	4,8	-	1,8


2022-жылдың 2-тоқсанында сауда, құрылыс және өңдеу саласынан басқа барлық салаларда банк несиесіне қолжетімділік нашарлады. Кредиттеу шарттарын қолайсыз деп есептейтін кәсіпорындардың ең көп үлесі ауыл шаруашылығы саласында (**18,5%**). Көлік және қоймалау саласында олардың үлесі ең төмен (10,9%).

Теңгемен алынған несиелер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме (14,3% және 14,1%) құрылыста және саудада, ал шетел валютасымен (8,7% және 7,4%) құрылыс және сауда саласында байқалды. 2022-жылдың 3-тоқсанында несиелену ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібі мен сауда саласында (20,5% және 16,6%, сәйкесінше), ең төмен үлесі – тау-кен өнеркәсібі мен көлік және қоймалау саласында (7,8% және 8,2%).


10-график. Орташа\* салмақтанған несиелік жүктеме\*\*,%,



12-график. Несие алуға берілген өтініштерді қарастыру нәтижесі, саны



11-график. Банк несиелері бойынша мерзімі өткен\*\*\* қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, %



2022-жылдың 2 - тоқсанында ауыл шаруашылығында орташа несиелік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Ауыл шаруашылығында өнімді сатудан түскен кірістің орташа есеппен **17,9%** қарызды өтеуге жұмсалады. Бұл көрсеткіштің ең төмен мәні көлік және қоймаға сақтау саласында орын алды (**12,4%**).

Банк несиелері бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, құрылыс, өңдеу өнеркәсібі және көлік және қоймалау саласында төмендеді, ал кен өндіру өнеркәсібі, сауда және ауыл шаруашылығы салаларында өсті. Осындай кәсіпорындардың ең көп үлесі ауыл шаруашылығында (**9,7%**) және саудада (**8,3%**), ең аз үлесі - көлік және қоймалау саласында (**4,3%**).

Банктер 2022-жылдың 2-тоқсанында қарастырылып отырған салалардың ішінен **28 кәсіпорынға** несие беруден бас тартты, олар өңдеу өнеркәсібі, сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы және көлік және қоймалау саласының кәсіпорындары.

\*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні


\*\* Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс \* 100

\*\*\* 90 күннен астам



# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Кен өндіру өнеркәсібі, ДИ\*



14-график. Өңдеу өнеркәсіп, ДИ




График 15. Құрылыс, ДИ







График 16. Сауда, ДИ



17-график. Көлік және қойма, ДИ



18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс

— Дайын өнім бағасы

— Шикізаттар бағасы

2022 жылдың 2 тоқсанында көлік және ауыл шаруашылығы салаларында **дайын өнімге деген сұраныстың** біршама жақсаруы, ал тау-кен және өңдеу өнеркәсібі салаларында төмендеу байқалды. Сауда және құрылыс бойынша сұраныс көрсеткіші теріс аймақта қалып отыр. 2022-жылдың 3-тоқсанында құрылыс, ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі және сауда салаларындағы сұраныс жағдайының жақсаруы, кен өндіру өнеркәсібі мен көлік саласында төмендеу күтілуде.

2022 жылдың 2 тоқсанында **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқынының артуы барлық салаларда байқалды. Сонымен қатар сауда мен көлік салаларында дайын өнім бағаларының өсуі күшейді. 2022-жылдың 3-тоқсанында барлық қарастырылған салаларда шикізат пен материалдар мен дайын өнім бағасының өсу қарқыны біршама төмендейді деп күтілуде.


\*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

\*\* 2022 жылдың 3-ші тоқсаны үшін кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі

19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа салмақтанған жүктемесі\*, %




2022 жылдың 2-тоқсанында өндірістік қуат жүктемесі (ӨҚЖ) барлық салаларда өсті. Ең көп өсу құрылыста байқалды.

Ең жоғары ӨҚЖ кен өндіру өнеркәсібінде. Мұнда өндірістік қуатты барынша жүктеген (ӨҚЖ $\geq$ 90%) кәсіпорындар үлесі басқа салаларға қарағанда жоғарырақ, ал ӨҚЖ $<$ 50% кәсіпорындар үлесі ең төмен. Ең нашар ӨҚЖ құрылыс саласында.

Нәтижесінде ең жоғары орташа салмақтанған\* ӨҚЖ деңгейі кен өндіру өнеркәсібінде сақталып отыр (63,2%). Өндірістік потенциалын ең аз қолданатын сала болып құрылыс, сауда және көлік саласы табылады. Бұл ретте, құрылыс пен ауыл шаруашылығы бойынша ӨҚЖ динамикасының құбылмалылығы көрсеткіштің маусымдық факторларға тәуелділігімен түсіндіріледі.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2022 жылғы 1-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



\* Орташа салмақтанған өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні.

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні\*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**	ӨҚК	ААҚУ, %
Кен өндіру өнеркәсібі	1,55	1,56	0,18	46,1	0,59	52,4
Өңдеу өнеркәсібі	1,41	1,44	0,27	22,8	0,39	65,2
Құрылыс	1,11	1,14	0,21	21,5	0,31	68,7
Сауда	1,15	1,20	0,40	21,3	0,20	83,2
Көлік және қойма	1,19	1,51	0,17	27,9	0,48	39,9
Ауыл шаруашылығы	1,22	1,41	0,10	22,6	0,45	36,4

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады. Норматив 1,2-2.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер <i>ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім</i>	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ <i>ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны</i>	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) <i>МК – меншікті капитал</i>	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері 2022-жылғы 2-тоқсанда былайша қалыптасты:

- кен өндіру кәсіпорындарының өтімділігі ең жоғары болып табылады (**АӨК = 1,55**);

- төлем қабілеттілігі ең жоғары болып кен өндіру өнеркәсібі мен көлік және қоймалау саласының кәсіпорындары табылады (**ЖТҚК = 1,56** және **1,51**, сәйкесінше);

- іскерлік белсенділік сауда саласында басқаларына қарағанда әлдеқайда жоғары (**ААК = 0,40**);

- рентабельділігі ең жоғары кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары (**СР=46,1%**), ең төмен көрсеткіш – құрылыс және сауда саласында (**СР=21,5%** және **21,3%**);

- инвестициялауды меншікті қаражаттың есебінен қаржыландыру мүмкіндігі кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындарында жоғарырақ (**ӨҚК=0,59**);

- сауда саласы кәсіпорындарының активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ААҚУ = 83,2%**).

\*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалақ мәндер келтірілген

\*\* Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

График 21. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




График 23. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)




График 22. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)





График 24. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



2022-жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындардың өздерінің **қысқа мерзімді міндеттемелерін жабу мүмкіндіктері** өңдеу өнеркәсібі мен көлік саласынан басқа барлық салаларда нашарлады. Искерлік белсенділіктің өсуі барлық салаларда байқалды, ең үлкен өсім құрылыста орын алды (ААК 0,11-дан 0,21-ге дейін өсті). Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі өңдеу өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және көлік саласында өсті, алайда басқа салаларда төмендеді. Ең жоғарғы өсу ауыл шаруашылығында (**ЖТҚК = 1,41**) орын алды.


Кәсіпорындарының инвестицияны меншікті қаражаттың есебінен қаржыландыру мүмкіндігі ауыл шаруашылығында және саудада төмендеп, басқа салаларда өсті.

\* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

\*\* Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (12-бет)

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

25-график. Сатудың орташа рентабельділігі\*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы\*, %





График 27. Қаржылық жылды пайдамен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



2022-жылдың 2-тоқсанында пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығындар шегерілгенге дейінгі **сату рентабельділігі** ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда өсті. Кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда әлдеқайда жоғары.

Қаржылық жылды **шығынмен** аяқталады деп болжап отырған кәсіпорындардың үлесі құрылыс саласында көбірек (**12,3%**).

Өңдеу өнеркәсібі және көлік саласының кәсіпорындарының болжамы әлдеқайда жақсырақ: оларда жыл **пайдамен** жабылады деп санайтын кәсіпорындар үлесі сәйкесінше **44,6% және 40,1%** құрады.

Қарастырылып отырған салалардың бәрінде қаржылық жылды пайдамен жабуды болжап отырған кәсіпорындар шығынмен жабуды болжап отырған кәсіпорындардан көбірек.

\* Орташа арифметикалық мәnnің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысуға байланысты мерзімі өткен берешекке қатысты ахуал біршама өзгерді. 2022-жылдың 2-тоқсанында экономика бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі **23,5%-дан 22,9%-ға** дейін, ал **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі **22,1%-дан 21,4%-ға** дейін төмендеді.

Ауыл шаруашылығы мен көлік саласынан басқа барлық салаларда мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі төмендеді. Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі көлік саласы мен өңдеу саласынан басқа барлық салаларда төмендеді. Мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп үлесі құрылыс саласында, ал және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп үлесі - кен өндіру өнеркәсібінде (24,0% және 26,7%).

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі, ДИ %



31-график. Қызметкерлер санының өзгерісі, ДИ \*



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі, %



2021-жылдың 2-тоқсанында қарастырылып отырған салалардың бәріне **өндіріс көлемі өсті**, 2022-жылдың 3-тоқсанында да өндіріс көлемінің өсуі күтілуде.

Саудадан басқа қарастырылып отырған салалардың барлығында қызметкерлердің саны өсті, ең көп өсу ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласында орын алды, бұл осы салалардың қызметінің маусымдық сипатымен түсіндіріледі.

2022-жылдың 2-тоқсанында **орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі** барлық салаларда төмендеді. 2022-жылдың 3-тоқсанында өңдеу өнеркәсібінен басқа барлық салаларда жалақыға қатысты жағдай сәл жақсарады.

\* ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

\*\* Графиктерде 2022 жылдың 3-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

- **Бәсекелестіктің ең жоғары деңгейі** сауда саласында қалып отыр.
- Кәсіпорындардың көпшілігі бизнесті жүргізуді шектейтін негізгі фактор ретінде **Қазақстан экономикасының жағдайын** атайды.
- 2022 жылдың 2-тоқсанында теңге бағамының **Ресей рубліне** қатысты өзгерісінің кері ықпалы қарастырылып отырған салалардың бәрі үшін өсіп, жалпы экономика бойынша да өсті, (ДИ 29,2 құрады). Теңгенің **АҚШ долларына** қатысты өзгерісінің әсері өткен тоқсандағыдай деңгейде қалды.
- Шетелдік серіктестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюта - АҚШ доллары мен Ресей рублі қалып отыр, АҚШ доллары кен өндіру өнеркәсібінде ғана басым (**кәсіпорындардың 62,1%**), өңдеу өнеркәсібінде ресей рублін қолданатын кәсіпорындардың үлесі **64,9%**, саудада – **58,4%**.
- 2022-жылғы 2-тоқсанда барлық қарастырылып отырған салаларда **өндіріс көлемі өсті**. 2022-жылдың 3-тоқсанында да өндіріс көлемінің өсуі күтілуде. **Өндірістік қуат жүктемесі** (ӨҚЖ) барлық салаларда өсті. Ең көп өсім құрылыста байқалды.
- Өндірістік қуатты ең жоғары пайдалану деңгейі кен өндіру өнеркәсібінде қалып отыр (63,2%).
- 2022 жылдың 2 тоқсанында көлік және ауыл шаруашылығы салаларында **дайын өнімге деген сұраныстың** біршама жақсаруы, ал тау-кен және өңдеу өнеркәсібі салаларында төмендеу байқалды. Сауда және құрылыс бойынша сұраныс көрсеткіші теріс аймақта қалып отыр. 2022-жылдың 3-тоқсанында құрылыс, ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі және сауда салаларындағы сұраныс жағдайының жақсаруы, ал кен өндіру өнеркәсібі мен көлік саласында төмендеу күтілуде.
- Тау-кен өндіру өнеркәсібінде **сату рентабельділігі** басқа салаларға қарағанда жоғары. Рентабельділік ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда өсті.
- Экономика бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі **23,5%**-дан 22,9%-ға дейін, ал **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі **22,1%**-дан **21,4%**-ға дейін төмендеді.
- Мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп үлесі құрылыс саласында, ал және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп үлесі - кен өндіру өнеркәсібінде (24,0% және 26,7%).
- 2022 жылдың 2 тоқсанында шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының артуы барлық салаларда байқалды. Сонымен қатар сауда мен көлік салаларында дайын өнім бағаларының өсуі күшейді. 2022-жылдың 3-тоқсанында барлық қарастырылған салаларда шикізат пен материалдар мен дайын өнім бағасының өсу қарқыны біршама төмендейді деп күтілуде.